

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қыркүйек N 1315. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) < * >

Ескерту. 1-тармағының 1) тармақшасының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.27. N 781 қаулысымен.

2) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 сәуірдегі N 547 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 14, 166-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі туралы ережеде:

"Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметті қаржыландыру" деген Ү бөлім мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Санитарлық-эпидемиологиялық мекемелер ұсынатын тауарларды сату мен қызмет көрсетулерден түсетін түсімдерді олар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі айқындайтын тәртіппен пайдаланады".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі